

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның Хаттамасына қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қыркүйек N 1144

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты

қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның Хаттамасына қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның Хаттамасына қол қою туралы

Мемлекеттер арасындағы екі жақты байланыстарды тереңдету және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы экономикалық қатынастардың одан әрі дамуы үшін құқықтық негіз жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс

пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның Хаттамасына қол қойылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс
пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық
салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
Конвенция

Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы табыс пен
капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау
және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция жасасуға ниет
білдіре отырып,
төмендегілерге келісті:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де
резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның жергілікті өкімет органдарының атынан алынатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған

табыстарға салынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсуінен алынатын салықтарды қоса, табыстың немесе капиталдың жалпы сомасынан немесе табыстың немесе капиталдың жеке бөліктерінен алынатын салықтардың барлық түрі табыс пен капиталға салынатын салықтар деп есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын, алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) заңды және жеке тұлғалар табысына салынатын салық;

(ii) заңды және жеке тұлғалар мүлкіне салынатын салық;

(бұдан әрі - "Қазақстан салығы" деп аталады);

б) Латвияда:

(i) кәсіпорындар табысына салынатын салық (uznemumu ienakuma nodoklis);

(ii) жеке табыс салығы (iedzivotaju ienakuma nodoklis);

(iii) мүлікке салынатын салық (ipasuma nodoklis);

(бұдан әрі - "Латвия салығы" деп аталады).

4. Конвенция осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңдарына енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етіп отырады.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер түпнұсқадан өзгедей мағына туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "Уағдаласушы Мемлекет" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" терминдері

түпнұсқаға байланысты Қазақстанды немесе Латвияны білдіреді;

б) т е р м и н д е р :

(i) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынасында қолданған кезде "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттары үшін егемендік құқықтары мен заңдарын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақ пен құрлықтық қайранды қамтиды;

(ii) "Латвия" Латвия Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында қолданған кезде Латвия Республикасының аумағын және Латвияның заңдары шегінде әрі халықаралық құқықтарға сәйкес Латвия теңіз табанына және оның жер қойнауы мен олардың минералдық ресурстарына қатысты құқықтарды жүзеге асыра алатын Латвия Республикасының аумақтық суларымен шектесетін кез келген басқа аймақты білдіреді;

с) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды ;

д) "компания" термині салық мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген корпоративтік бірлестікті немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді ;

е) "бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы

Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

ф) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек басқа Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатыннан басқа жағдайларда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын кез келген теңіз немесе әуе көлігімен жасалатын тасымалды білдіреді;

г) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Латвияда: Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, әріптестікті немесе кез келген қауымдастықты білдіреді;

2. Уағдаласушы Мемлекет кез келген уақытта осы Конвенцияны қолданған кезде онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпнұсқадан өзгедей мағына туындамаса, Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты сол Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие болады.

4-бап Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині сол Мемлекеттің заңдары бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, құрылу орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны білдіреді. Термин Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметін немесе оның жергілікті өкімет органдарын да білдіреді. Алайда, бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты немесе онда орналасқан капиталға қатысты осы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі мынадай тұрғыда айқындалады:

а) ол өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның билік етуінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол мейлінше тығыз жеке және экономикалық қатынасы (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде біреуінде өзінің билік етуіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың бірде біреуінде тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

d) егер резиденттің мәртебесі а) - с) тармақшаларына сәйкес

айқындалмайтын болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары аталған мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке адамнан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша мәселені шешуге және осындай тұлғаға Конвенцияны қолдану тәсілін айқындауға ұмтылады. Мұндай келісім болмаған ретте Конвенцияның мақсаттары үшін әр Уағдаласушы Мемлекеттегі тұлға басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі резидент ретінде қарастырылмайды.

5-бап
Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты іс-әрекет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині атап айтқанда мыналарды:

- a) басқару орнын;
- b) бөлімшені;
- c) кеңсені;
- d) фабриканы;
- e) шеберхананы; және

f) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымаларын, кенішті немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген орынды қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині, сондай-ақ:

a) құрылыс алаңын, құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе егер мұндай алаң, объекті немесе қызмет 6 айдан астам кезеңге созылса, осыларға байланысты бақылау немесе консультациялық қызметтерді; және

b) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысын қоса алғанда, қондырғыны немесе құрылысты немесе егер тек мұндай пайдалану немесе қызмет 6 айдан астам кезеңге созылса, осыларға байланысты бақылау қызметін қ а м т и д ы .

4. Осы Баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині қамту р е т і н д е :

a) құрылыстарды тек сақтау, көрсету немесе кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды жеткізіп тұру мақсаттары үшін пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ұстауды;

f) тұрақты қызмет орнын a) тармақшасынан e) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің кез келген амалын тұрақты қызмет орнының осындай амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған

жағдайда жүзеге асыру үшін ұстауды қарастырмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасасуға өкілеттікті әдетте пайдаланып жүрсе, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызмет жөнінде осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, оның қызметі 4-тармақта аталған тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылғанның өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызмет түрлерімен шектелмейтін жағдай бұған қосылмайды.

6. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін осы Мемлекетте делдал, бас комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен айналысуы) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6 - б а п

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысқа (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табысты қосқанда) осы екінші Мемлекетте салық с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, кез келген опционды немесе жылжымайтын мүлік сатып алудың ұқсас құқығын, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, қорларды және басқа да табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге құқықтарды және игеру құқығын қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа

жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табысқа сияқты қолданылады.

4. Егер компанияда акцияларды немесе басқа корпоративтік құқықтарды иеленуге осындай акцияларды немесе корпоративтік құқықты иеленушіге компанияға тиесілі жылжымайтын мүлікке иелік ету құқығын беретін болса, иелік етуге деген мұндай құқықты тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа жылжымайтын мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. 1, 3 және 4-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7 - б а п

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны егер екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса немесе сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғанындай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе жүзеге асырған болса, кәсіпорынның пайдасына екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ сондай тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе жүзеге асырған болса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге егер ол оқшау және дербес кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде болғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын қосқанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеріп тастауға жол береді. Уағдаласушы Мемлекетте шегерім ретінде рұқсат етілген шығыстар тек осы Мемлекеттің ішкі заңдары бойынша шегерілетін шығыстарды ғана қамтиды. Алайда тұрақты мекеме кәсіпорынға немесе оның басқа офистерінің кез келгеніне патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін орынын толтыру есебіне роялти, қаламақылар немесе басқа ұқсас төлемдерді төлеу жолымен немесе нақты қызметтер көрсеткені үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу жолымен немесе банктік кәсіпорындардан басқа жағдайларда тұрақты мекемеге несиеге берілген сомаға пайыздар төлеу жолымен төленген сомаларды шегеріп тастауға болмайды.

4. Әдетте Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорынның жалпы пайдасын оның әртүрлі бөлімшелері бойынша үлесті бөлу негізінде айқындалатын болса, 2-тармақта ештеңе де осы Уағдаласушы Мемлекетте әдетте қабылданғанындай осылай бөлу арқылы салық салынатын пайданы айқындауға тиым салмайды; алайда таңдап алынған үлесті бөлу әдісі осы Бапта айтылған қағидаттарға сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуының негізінде ғана осы тұрақты мекемеге қандай да бір пайда есептелмейді.

6. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептері болмаса жылма-жыл біркелкі тәсілмен айқындалады.

7. Егер пайда осы Конвенцияның басқа Баптарында жеке айтылған табыс түрлерін қамтыса, онда бұл Баптардың ережелері осы Баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері пульға, бірлескен кәсіпкерлік қызметке немесе халықаралық пайдалану ұйымына қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

Қауымдасқан кәсіпорындар

1. Егер,

а) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) сол бір тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың

коммерциялық немесе қаржылық қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындар біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса әрі тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетіндей болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынас тәуелсіз кәсіпорындардың арасында жасалатын жағдайлардай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасайды. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған ретте бір-бірімен кеңесуі керек.

1 0 - б а п Д и в и д е н д т е р

1. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы дивидендтердің іс жүзіндегі иесі болса, онда о с ы н д а й а л ы н а т ы н с а л ы қ :

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының 25 пайыздан кем емес бөлігіне тікелей иелік ететін компания (әріптестіктен өзге) болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан;

б) қалған барлық жағдайда дивидендтердің жалпы сомасының 15 пайызынан а с п а й д ы .

Бұл тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға с а л ы қ с а л у д ы қ а р а с т ы р м а й д ы .

3. "Дивидендтер" термині осы Бапта пайдаланғанда борыш талаптары болып табылмайтын, пайдаға қатысуға деген құқық беретін акциялардан немесе басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтарынан алынатын т а б ы с т ы б і л д і р е д і .

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс

жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысты холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Мемлекет мұндай дивидендтер осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала а л м а й д ы .

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар компанияға осы тұрақты мекемеге жататын пайдаға салынатын салыққа қосымша, осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Алайда мұндай салық екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуға тиіс компания пайдасы үлесінің 5 пайызынан аспауы тиіс.

1 1 - б а п П а й ы з д а р

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай пайыздарға, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы пайыздардың нақты иесі болып табылса, онда мұндай тәсілмен алынған салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, алынған және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне нақтылы жататын, оның жергілікті өкімет органдарын, Орталық Банкін немесе осы Мемлекетке толық тиесілі кез келген қаржы мекемесін қоса алғанда Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын пайыздар немесе мұндай Үкімет кепілдік берген заемдар бойынша алынған пайыздар бірінші аталған Мемлекетте с а л ы қ т а н б о с а т ы л а д ы .

4. "Пайыздар" термині осы Бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген борыштық талаптардың кез келген түрінен алынған табысты және атап айтқанда, үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты және

осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақытылы төленбеген төлемдерге салынатын айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін пайыздар ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

5. Егер пайыздардың нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базамен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты пайыздар төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда жағдайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

6. Егер, төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, пайыздар төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оларға байланысты олар бойынша пайыздар төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай пайыздарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай пайыздар осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болады д е п с а н а л а д ы .

7. Егер пайыздар төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты пайыздардың сомасы пайыздар төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігін осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық с а л ы н у ғ а ж а т а д ы .

1 2 - б а п
Р о я л т и

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ алушы роялтидің нақты иесі болып табылса, онда осындай тәсілмен алынатын салық

роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде кинематографиялық фильмдерді және радио немесе телехабарларға арналған фильмдерді немесе таспаларды, кез келген патентті, сауда маркасын, дизайнды немесе модельді, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына арналған кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе осындай құқықты пайдалануға бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер, роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оларға қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда жағдайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер, төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп саналады. Егер, алайда, роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп саналады.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан олар үшін төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігі осы Конвенцияның басқа да ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

1 3 - б а п

Капитал құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар) айқындалған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан

жылжымайтын мүлікті немесе активтері негізінен осындай мүліктен тұратын компаниядағы акцияларды немесе активтері негізінен екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұратын әріптестіктегі немесе трастағы үлестерді шеттетуден алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иелік етіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті пайдаланатын тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға, осындай тұрақты мекемені (бүкіл кәсіпорынмен жеке немесе бірге алғанда) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған осындай табыстарға да осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы кәсіпорын халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарға тек осы Мемлекетте салық салынады.

4. 1, 2 және 3-тармақтарда айтылғаннан басқа, кез келген мүлікті шеттетуден алынған табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

1 4 - б а п Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Кәсіби қызмет көрсетуге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметтерге қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаның алған табысына, егер оның осындай қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты негізде оған оңтайлы тұрақты базасы болмаса тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер оның осындай тұрақты базасы болса, табысқа екінші Уағдаласушы Мемлекетте бірақ осы тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға тиісті салық жылынан басталатын немесе аяқталатын кез келген кезекті 12 айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен артық болатын болса, ол мерзімнің немесе мерзімдердің ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте осы екінші Мемлекетте оған тұрақты негізде қолайлы тұрақты базасы бар болып саналады және екінші Мемлекетте, оның жоғарыда аталған қызметтен алған табысы осы тұрақты базаға ж а т қ ы з ы л а д ы .

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулеткерлердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің қызметтерін

1 5 - б а п
Тәуелді жеке қызметтер

1. 16 - (Директорлардың қаламақылары), 18 - (Зейнетақылар), 19 - (Мемлекеттік қызмет) және 20 - (Студенттер, профессорлар және зерттеушілер) баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған ырыздыққа, жалақыға және басқа да осындай сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осындай тәсілмен орындалса, осындай сыйақыға осыған байланысты алынған ретінде осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдау жұмысына қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген 12 айлық кезеңнің шегінде жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші М е м л е к е т т е т ұ р с а , ж әне

б) сыйақыны екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төлесе, және

с) сыйақыны жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты б а з а с ы т ө л е м е с е .

3. Осы Баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын, жалдама жұмыстарға қатысты алынған сыйақыларға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

1 6 - б а п
Директорлардың қаламақылары

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе осыған ұқсас органының мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да сондай төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

1 7 - б а п
Әртістер мен спортшылардың табысы

1. 14 - (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 15 - (Тәуелді жеке қызметтер) баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар әртісі секілді әртіс немесе сазгер ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер әртістің немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табысы әртістің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе бұл табысқа, 7 - (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда), 14 - (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 15 - (Тәуелді жеке қызметтер) баптардың ережелеріне қарамастан, әртістің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

3. Егер осы Мемлекетке сапарын бір немесе екі Уағдаласушы Мемлекеттің қоғамдық қорлары немесе оның жергілікті өкімет органы толық немесе негізінен қолдаса, әртіс немесе спортшы Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметтен алынатын табысқа 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда қызметтен алынған табысқа әртіс немесе спортшы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

1 8 - б а п З е й н е т а қ ы л а р

1. 19-баптың (Мемлекеттік қызмет) 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысы үшін төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай сыйақыларға тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. Алименттерге және Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін басқа да осындай төлемдерге (балаларды бағуға арналған төлемдерді қосқанда) тек осы екінші Мемлекетте ғана с а л ы қ с а л ы н а д ы .

1 9 - б а п М е м л е к е т т і к қ ы з м е т

1. а) Кез келген жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы осы Мемлекетке немесе оның өкімет органына көрсетілетін қызметке қатысты төлейтін зейнетақыдан басқа ырыздыққа, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай ырыздыққа, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және:
(і) осы Мемлекеттің азаматы болып табылатын; немесе

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған жеке тұлға алушы осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, тек осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы төлейтін немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе өкімет органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, мұндай зейнетақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15 - (Тәуелді жеке қызметтер), 16 - (Директорлардың қаламақылары) және 18 - (Зейнетақылар) баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекетпен немесе оның жергілікті өкімет органымен кәсіпкерлік қызметпен айналысуына байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты төленетін ырыздыққа, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақы мен зейнетақыларға қолданылады.

2 0 - б а п

Студенттер, профессорлар және зерттеушілер

1. Басқа Уағдаласушы Мемлекетке барардың нақ алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші аталған Мемлекетте тек өзінің білім алуы немесе тағлымдамадан өтуі мақсатында ғана тұрып жатқан студент, оқушы немесе тағлымдамадан өтуші өзінің өмір сүру, білім алу немесе тағлымдамадан өту мақсаты үшін алған сомалар, бұл сомалардың көздері осы Мемлекеттен тыс жерде орналасқан кезде осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Уағдаласушы Мемлекетке осы Уағдаласушы Мемлекеттегі университетте, колледжде немесе басқа танылған оқу немесе ғылыми институтта оқытушылық немесе зерттеулер жүргізу мақсатымен келген және осы мақсат үшін алғашқы келген күннен бастап екі жылдан аспайтын кезеңде, бірінші аталған Мемлекетте мұндай оқытушылық немесе зерттеу үшін сыйақылар бойынша салық салудан босатылады.

3. Егер мұндай зерттеулер қоғамдық мүдделерге емес, бірінші кезекте жекелеген тұлғаның немесе тұлғалардың бас пайдасы үшін қолға алынса, мұндай зерттеулерден алынған табысқа 1-тармақтың ережелері қолданылмайды.

2 1 - б а п

О ф ф ш о р л ы қ қ ы з м е т

1. Осы Баптың ережелері осы Конвенцияның 4-тен 20-баптардың ережелеріне тәуелсіз қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және осы екінші

Мемлекетте орналасқан теңіз табанын және оның жер қойнауын және олардың табиғи ресурстарын барлауға немесе әзірлеуге байланысты екінші Уағдаласушы Мемлекетте оффшорлық қызметті жүзеге асыратын тұлға, осы Баптың 3 және 4-тармақтарын ескере отырып, осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме немесе тұрақты база арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мұндай қызметке қатысты болып с а н а л а д ы .

3. Егер қызмет кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны 30 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде жүзеге асырылса, 2-тармақтың ережелері қолданылмайды .

Алайда, осы тармақтың мақсаттары үшін:

а) тұлға екінші тұлғамен бірлесіп жүзеге асыратын қызмет, егер қарастырылып отырған қызмет оның өз қызметімен бір мезгілде жүзеге асырылатын сол қызметті қоспағанда, алғашқы аталған тұлға сияқты осындай дәрежеде болса, екінші тұлға жүзеге асырған сияқты болып саналады .

б) егер бірін екіншісі тікелей немесе жанамалай бақыласа, немесе оның екеуін де үшінші тұлға немесе үшінші тұлғалар тікелей немесе жанамалай бақыласа, екінші тұлғамен бірлескен ретінде қарастырылады .

4. Уағдаласушы Мемлекетте теңіз табанын және оның жер қойнауын және табиғи ресурстарын барлауға немесе әзірлеуге байланысты қызмет жүзеге асырылатын орынға немесе орындардың арасына қорларды немесе қызметкерлерді тасымалдаудан немесе кемені жетекке алатын кемелерді пайдаланудан және осындай қызметке көмекші басқа кемелерді пайдаланудан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған пайдаға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады .

5. а) Осы тармақтың б) тармақшасын ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан теңіз табанын және оның жер қойнауын және табиғи ресурстарын барлауға немесе әзірлеуге байланысты жалдау жөніндегі жұмыстарға қатысты алған ырыздыққағыға, жалақыға және басқа осындай сыйақыға осы екінші Мемлекетте осы оффшорлық қызметтің жүзеге асырылуына орай осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Алайда, егер екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы үшін жалдау жұмыстары оффшорлықпен және кез келген 12 айлық кезеңде жиыны 30 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде жүзеге асырылса, мұндай сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық с а л ы н а д ы .

б) Екінші Уағдаласушы Мемлекетте теңіз табанын және оның жер қойнауын және табиғи ресурстарын барлауға немесе әзірлеуге байланысты қызмет жүзеге асырылатын орынға немесе осындай орындардың арасына қорларды немесе қызметкерлерді тасымалдаумен айналысатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын жалдау жұмыстарына қатысты немесе кемені жетекке алатын кемелердің бортында орындалған және осындай қызметке көмекші басқа кемелерді пайдалануға байланысты жүзеге асырылатын жалдау жұмыстарына қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің

резиденті алған ырыздықақыға, жалақыға және осындай сыйақыға жалдаушы резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

6. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің:

а) барлауға немесе пайдалануға арналған құқықты; немесе

б) екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан және осы екінші Мемлекетте орналасқан теңіз табанын және оның жер қойнауын және табиғи ресурстарын барлауға немесе әзірлеуге байланысты мүлікті; немесе

с) мұндай құқықтардан немесе мұндай мүліктен, немесе мұндай құқықтарды немесе мұндай мүлікті қоса алғанда, тікелей немесе жанамалай өзінің құнын немесе өзінің құнының басым бөлігін алған акцияларды; шеттетуден алған табыстарына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Осы тармақтағы "барлауға немесе әзірлеуге арналған құқық" екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан теңіз табанын және оның жер қойнауын және табиғи ресурстарын барлау немесе әзірлеу нәтижесінде алынған активтерге деген құқықтарды, мұндай активтерден алынатын проценттерге немесе жеңілдіктерге деген құқықтарды қоса білдіреді.

2 2 - б а п

Б а с қ а д а т а б ы с т а р

1. Осы Конвенцияның мұның алдындағы Баптарында сөз болмаған, бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлеріне, оның пайда болу көздеріне тәуелсіз, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 6-баптың (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарға, егер мұндай табыстарды алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және алынған табысқа қатысты құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1-тармақтың ережесі қолданылмайды. Мұндай жағдайда, жағдайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

2 3 - б а п

К а п и т а л

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын

табыс) аталған жылжымайтын мүлік ретінде ұсынылған капиталға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің пайдаланатын тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда

пайдаланатын теңіз және әуе кемелері және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте салық салынады.

24-бап

Қосарланған салық салуды болдырмау

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салуды болдырмау мынадай түрде жүргізіледі:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Латвияда салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, Қазақстан мыналарға:

(i) осы резиденттің табысына салынған салықтан Латвияда төленген табысқа салынған салыққа тең соманы шегеру ретінде;

(ii) осы резиденттің капиталына салынған салықтан Латвияда төленген капиталға салынған салыққа тең соманы шегеру ретінде рұқсат етеді.

Мұндай шегерім, алайда, егер жоғарыда аталған табыс Қазақстанда алынса немесе капиталға ие болса, Қазақстанда қолданылуы мүмкін ережелер мен ставкаларға сәйкес есептелуі мүмкін сомадан аспайды.

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Латвияда ғана салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, Қазақстанда салық салынуы мүмкін мұндай басқа табыс пен капиталға салынатын салық ставкаларын белгілеу мақсаттары үшін ғана Қазақстан бұл табысты немесе капиталды салық салу базасына қосуы мүмкін.

2. Латвия жағдайында қосарланған салық салуды болдырмау мынадай түрде жүргізіледі:

а) Егер Латвияның резиденті осы Конвенцияға сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталға ие болса, егер оның ішкі заңдарында біршама қолайлы режим көзделмесе, Латвия:

(i) бұл резиденттің табысына салынатын салықтан, оның Қазақстанда төлеген табыс салығына тең соманы шегеру ретінде;

(ii) бұл резиденттің капиталына салынатын салықтан, оның Қазақстанда капиталға төлеген салығына тең соманы шегеру ретінде рұқсат етеді;

Мұндай шегерім, алайда, екі жағдайда да Қазақстан салығы салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға қатысты жағдайға байланысты жатқызылатын шегерімдерді бергенге дейін есептелген табысқа немесе капиталға Латвияда салынатын салықтың бөлігінен аспайды.

б) Осы тармақтың а) тармақшасының мақсаттары үшін толық дауысқа құқығы бар оның акцияларының кемінде 10 пайызына ол иелік ететін, Қазақстан резиденті болып табылатын компаниялардан дивиденд алған, Латвияның резиденті болып табылатын компанияның Қазақстанда төленген салығы дивидендтерге төленген салықты қамтып қана қоймайды, сонымен бірге дивидендтер төлеген компанияның негізгі пайдасына төленген салықты да қамтиды.

25 - б а п К е м с і т п е у

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары, әсіресе резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез келген міндеттемеге, екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары тап сондай жағдайда екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауы тиіс. Осы ереже 1-баптың (Конвенция қолданылатын тұлғалар) ережелеріне қарамастан, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар сондай жағдайларда тиісті Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты жағдайлардан өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез-келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез-келген міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде-бірінде ұшырамауы тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметті жүзеге асыратын осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте біршама қолайсыздау болмауы тиіс. Осы ереже бір Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне олардың

азаматтық мәртебесі немесе ол өздерінің резиденттеріне беретін отбасы міндеттемелері негізінде салық салу мақсаттары үшін мұндай жеке салықтық жеңілдіктер, шегерістер мен шегерімдер берілетіндей болып пайымдалмауы тиіс.

4. 9-баптың (Ассоциацияланған кәсіпорындар) 1-тармағының, 11-баптың (Пайыздар) 7-тармағының немесе 12-баптың (Роялти) 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаты үшін олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ осындай жағдайлар кезінде шегеріліп тастауға жатады. Бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне осыған ұқсас кез келген борыштары осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Мемлекет резидентінің борышы жағдайларындағыдай шегеруге жатады.

5. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылауға алып отырған бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына бірінші аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгешеленетін немесе неғұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе соған байланысты қандай да бір өзгешеленетін міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте қолданылмауы тиіс.

6. 2-баптың (Конвенция қолданылатын салықтар) ережелеріне қарамастан, осы Баптың ережелері салықтың кез келген тектері мен кез келген түрлеріне қолданылады.

2 6 - б а п Ө з а р а к е л і с у р ә с і м і

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп санаса, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның ісі 25-баптың (Кемсітпеу) 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп санаса және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген

уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген кез келген уақыт шектеулеріне қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылатын болады. Олар, сондай-ақ Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатымен бір-бірімен консултация өткізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы тармақтарды келісуге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер Келісімге қол жеткізу үшін ауызша пікір алмасуды ұйымдастыру орынды болса, осындай пікір алмасу Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын Комиссия шеңберінде өткізілуі мүмкін.

2 7 - б а п А қ п а р а т а л м а с у

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алмасып тұрады. Ақпарат алмасу 1-баппен (Конвенция қолданылатын тұлғалар) шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ұлттық заңдарының шеңберіндегі тәсілмен алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты бағалаумен немесе салықтарға қатысты жинаумен, мәжбүрлі өндіріп алумен немесе сотпен қудалауымен немесе шағымдарды қараумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

- а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;
- б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе

әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

- с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Баптың ережелерін орындау үшін қажетті рәсімдерді белгілеу үшін қосымша келісім жасасуы мүмкін.

28-бап

Жеңілдіктерді шектеу

Осы Конвенцияның кез келген басқа ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті, егер осындай резиденттің немесе осындай резидентпен байланысты кез келген тұлғаны құрудың немесе жұмыс істеуінің негізгі немесе негізгі мақсаттарының бірі бұл болмаған жағдайда ол берілмейтін болатын осы Конвенцияның ережелері бойынша жеңілдіктер алу болса, екінші Уағдаласушы Мемлекет беретін осы Конвенцияда көзделген салықтардан кез келген төмендету немесе босату бойынша жеңілдіктер алмайды.

29-бап

Дипломатиялық миссиялардың және консулдық бекеттердің мүшелері

Осы Конвенцияда ешнәрседе дипломатиялық миссиялардың және консулдық бекеттердің мүшелеріне халықаралық құқықтың жалпы нормаларына сәйкес немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарды қ о з ғ а м а й д ы .

30 - б а п

К ү ш і н е е н у і

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің Үкіметтері осы Конвенцияның күшіне ену үшін конституциялық талаптар аяқталғанда бірін-бірі хабардар етеді.

2. Конвенция 1-тармақта айтылғанындай хабарламалардың соңғысының күнінен бастап күшіне енеді және оның ережелері екі Уағдаласушы Мемлекетте де:

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыстардың көздерінен алынған салықтарға қ а т ы с т ы ;

б) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын кез келген салық жылы үшін алынатын салықтарға, табысқа салынатын басқа салықтарға және капиталға салынатын

салықтарға қатысты қолданылатын болады.

3 1 - б а п
К ү ш і н т о қ т а т у ы

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда қолданысын тоқтату туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарлай отырып, Конвенцияның күшін тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенция екі Уағдаласушы Мемлекетте де:

а) хабарлама берілген жолдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыстардың көздерінен алынатын салықтарға қ а т ы с т ы ;

б) хабарлама берілген жылдан кейінгі келетін жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын кез келген салық жылы үшін алынатын салықтар бойынша, табысқа салынатын басқа салықтарға және капиталға салынатын салықтарға қ а т ы с т ы ө з і н ің к ү ш і н т о қ т а т а д ы .

Осыны куәландыру ретінде тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

_____ жылғы " ____ " айында _____ күні қазақ, латыш, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде пікір алшақтығы пайда болған жағдайда, ағылшынша мәтін айқындаушы болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН ЛАТВИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға (осы жерде және бұдан әрі "Конвенция" деп аталады) қол қою кезінде төмендегі қол қоюшылар Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын мынадай ережелерге келісті.

10-баптың (Дивидендтер) 6-тармағына қатысты:

6-тармақта айтылған пайдаға салынатын қосымша салық әзірге сондай мөлшерде

екі Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарына сәйкес ұсталмайтын болса, 10-баптың 6-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай салықты екі Уағдаласушы Мемлекетте енгізген жағдайда, құзыретті органдар өзара келісім

бойынша 6-тармақтың ережелері екі Уағдаласушы Мемлекетте де қолданылатын күнді айқындайды.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

_____ жылғы "___" айында _____ күнгі қазақ, латыш, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде пікір алшақтығы пайда болған жағдайда ағылшынша мәтін айқындаушы болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

ЛАТВИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.